

**Түпқараған ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 24 ақпандағы № 27 "Түпқараған ауданы бойынша кандидаттарға сайлаушылармен кездесу өткізу үшін шарттық негізде берілетін үй - жайлар тізімі туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 14 қарашадағы № 166 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабы 4 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы заңының 31-бабына сәйкес Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түпқараған ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 24 ақпандағы №27 "Түпқараған ауданы бойынша кандидаттарға сайлаушылармен кездесу өткізу үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар тізімі туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №178845 болып тіркелген) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1 қосымшада:

реттік номері 3-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

3.	Қызылөзен ауылы	Қызылөзен ауылы әкімі аппаратының "Қызылөзен мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты	8(72938) 23851
----	-----------------	--	----------------

".;

орыс тіліндегі реттік номері 5-жолға өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

реттік номері 6-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

6.	Сайын Шапағатов ауылдық округі	Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімі аппаратының "Сайын Шапағатов мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты	8(72938) 31256
----	--------------------------------	---	----------------

".

2. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік саласына жауапты орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Тұлқараған ауданының әкімі*

*Р.Елтизаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК